

**Санкт-Петербург қаласында (Ресей Федерациясы) 2002 жылғы 7 маусымда қол қойылған Шанхай ынтымақтастық ұйымының хартиясына өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 15 желтоқсандағы N 103-IV Заңы

Санкт-Петербург қаласында (Ресей Федерациясы) 2002 жылғы 7 маусымда қол қойылған Шанхай ынтымақтастық ұйымының хартиясына өзгерістер енгізу туралы Ташкентте 2003 жылғы 5 қыркүйекте қол қойылған хаттама ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

*Н. НАЗАРБАЕВ*

**Санкт-Петербург қаласында (Ресей Федерациясы)  
2002 жылғы 7 маусымда қол қойылған Шанхай ынтымақтастық  
Ұйымының хартиясына өзгерістер енгізу туралы  
ХАТТАМА**

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер 2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының хартиясына (бұдан әрі - Хартия) өзгерістер енгізу туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының 2003 жылғы 29 мамырдағы шешіміне сәйкес, төмендегілер туралы осы Хаттаманы жасады:

**1-бап**

Хартияның 10-бабының бірінші абзацындағы "Бішкекте (Қырғыз Республикасы)" деген сөз тіркесі "Ташкентте (Өзбекстан Республикасы)" деген сөз тіркесіне өзгертіледі

**2-бап**

Осы Хаттама оған қол қойған мемлекеттердің ратификациялауына жатады және төртінші ратификациялық грамотаны депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

**3-бап**

Осы Хаттама Хартияның ажырамас бөлігі болып табылады.

Ташкентте 2003 жылғы 5 қыркүйекте орыс және қытай тілдерінде бір түпнұсқа данада жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН*

*ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН*

*ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН*

*РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҮШІН*

*ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН*

*ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН*

2003 жылғы 5 қыркүйекте Ташкент қаласында жасалған 2002 жылғы 7 маусымда Санкт Петербург қаласында ШЫҰ Хартиясына өзгерістер енгізу туралы Хаттаманың бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
С ы р т қ ы      і с т е р      м и н и с т р л і г і  
Ж а л п ы а з и я л ы қ      ы н т ы м а қ т а с т ы қ  
д е п а р т а м е н т і н і ң

Басқарма бастығы

Қ. Тумыш

*РҚАО-ның ескертуі: Бұдан әрі Хаттаманың мәтіні қытай тілінде берілген.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК